

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау және таңдаушылармен кездесу үшін үй-жайларды ұсыну туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 99 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 маусымда № 4221 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 21 шілдедегі № 152

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 21.07.2021 № 152 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28 бабының 4, 6 тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шал ақын аудандық сайлау комиссиясымен бірге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орны осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттарға таңдаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің аппарат басшысы Қ.А.Сәрсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы  
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Б.Шәкенов*

*Қазақстан Республикасы  
Шал ақын аудандық  
сайлау комиссиясының  
төрағасы*

*А.Торсанов*

*2017 жылғы 6 маусым*

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын  
ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6  
маусымдағы № 99 қаулысына 1 қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орны**

№ т/ т	Елді мекеннің атауы	Орналастыру орны
1.	Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы ( Орталық бөлік)	"Орталық аудандық кітапхана" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын ғимаратының орталық кіре берісіне іргелес алаңдағы ақпараттық қабырға

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 99 қаулысына 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттардың таңдаушылармен кездесулер үшін үй-жай**

№ т/ т	Елді мекеннің атауы	Кездесу үшін үй-жай
1.	Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы	"Аудандық мәдениет үйі" қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының көрермендер залы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы, Победа көшесі, 31.